# "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің экономика саласындағы мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 тамыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 274-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің экономика саласындағы мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 тамыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілерді әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 27 қыркүйектегі
N 274-ө өкімімен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің экономика саласындағы мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 тамыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орын-дауға жауапты мемле-кеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын | Қазақс-тан Респу-бликасы | ЭБЖМ (жинақ-тау), ИСМ, Қаржы-мині, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы | Үкіме-тінің қаулысы | ККМ, ЭМРМ, БҒМ, АБА, ТМРА | 2007 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылғы қыркүйек |
| 2 | Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу және оларды иеліктен шығару ережесін бекіту туралы | Қазақс-тан Респу-бликасы Үкіме-тінің қаулысы | ЭБЖМ | 2007 жылғы қыркүйек |
| 3 | Стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын пайдалану ережесін бекіту туралы | Қазақс-тан Респу-бликасы Үкіме-тінің қаулысы | ЭБЖМ | 2007 жылғы қыркүйек |
| 4 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан стратегиялық объектілер жөнінде комиссия құру туралы | Қазақс-тан Респу-бликасы Үкіме-тінің қаулысы | ЭБЖМ | 2007 жылғы қыркүйек |

**Ескертпе:** аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК